

## **Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 18 ақпандағы № А-2/24 қаулысы

"Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі анықталсын.

2. "Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 170 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Аудан әкімдігінің осы қаулысы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т.Ерсейітов*

Астрахан ауданы  
әкімдігінің 2026 жылғы  
18 ақпандағы № А-2/24  
қаулысына қосымша

## **Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі**

1. Ауданның жергілікті атқарушы органының борыштық міндеттемелерін өтеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі төлемдер, жоғары тұрған бюджетке трансферттерді қайтару, жәрдемақылар және басқа да әлеуметтік төлемдер, жалақы және басқа да ақшалай төлемдер, оның ішінде штаттан тыс техникалық персоналдың жалақысы және жалақыдан барлық ұстап қалулар, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақылар, алименттер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары, кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, тұрғын үй төлемдері, жеке тұлғаларға трансферттер, стипендиялар, банк қызметтеріне ақы төлеуі, бюджеттік субвенциялар және субсидиялар, салық мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

2. Келесі бағыттар бойынша шығындар: тамақтандыруды ұйымдастыру және тамақ өнімдерін сатып алу, дәрілік заттарды, киім-кешек пен отынды сатып алу жөніндегі

қызметтер (ғимараттарды жылыту бөлігінде), коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, көлік қызметтері, іссапар және қызметтік сапарлар, атқару құжаттары мен сот актілерін орындау, сондай-ақ әлеуметтік, табиғи және техногендік төтенше жағдайлар және олардың салдары кезіндегі төлемдерді (орындау, жүзеге асыру).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК